

Астана қаласы жергілікті атқарушы органының аккредитивтерін ашу және олардың қолданылу мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1396 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының:

1) 005 "Мемлекеттік органдардың және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне тұрғын үй салуға және сатып алуда үлестік қатысуға Астана қаласының бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер"; 026 "Тұрғын үй салу үшін жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге Астана қаласының бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер"; 028 "Коммуналдық шаруашылығын дамыту үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер"; 029 "Қалалар мен елді мекендерді көркейтуді дамытуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер"; 014 "Мәдениет объектілерін дамытуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер"; 028 "Көлік инфрақұрылымын дамытуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер"; 024 "Жылу-энергетика жүйесін дамыту үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламаларының қаражаты есебінен Астана қаласының жергілікті атқарушы органы іске асыратын инвестициялық жобалар бойынша жасалған шарттар (тізбесі қоса беріліп отыр) бойынша аккредитивтер (бұдан әрі - аккредитивтер) ашу туралы;

2) аккредитивтердің қолданылу мерзімін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 20 желтоқсаннан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы